

«Бекітемін»

№296 орта мектеп директоры

Б.С. Тулұрзаев

« 2 » 2026 жыл



«Келісілді»

№296 орта мектеп директорының

тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

 А.Бисенова

« 5 » ақпан 2026 жыл

**2025-2026 оқу жылындағы домбыра үйірмесінің жылдық жоспары**

**Домбыра үйірмесінің жетекшісі: Оспан Ержан Оспанұлы**

Қызылорда, 2025-2026 оқу жылы

Үйірменің мақсаты: Оқушыларды қазақтың ұлттық аспабы – домбырамен таныстыру, , негізгі қағыс-техникасын меңгерту, қарапайым күйлер мен халық әндерін орындауға үйрету, күй өнеріне қызығушылығын арттыру, орындаушылық қабілетін дамыту және ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу.

Үйірме бағыты: Ұлттық музыка

Сабақ өткізу формасы: Аптасына 2 рет, топтық жұмыс

Оқушылар деңгейі: 5-7 сыныптар

Міндеттері:

- Домбыраның құрылымы мен тарихын үйрету
- Ноталық сауаттың бастапқы негіздерін меңгерту
- Қарапайым күйлер мен халық әндерін орындауға үйрету
- Сахна мәдениетін қалыптастыру
- Оқушыларды мектепішілік және қалалық іс-шараларға қатыстыру

Күтілетін нәтиже

Оқушылар:

- домбыра құрылысын, күй жанрларын біледі;
- дұрыс отырыс пен қағысты қолданады;
- қарапайым күйлерді орындай алады;
- ансамбльде ойнаудың бастапқы дағдысын меңгереді.

Бағалау түрлері

- Сабаққа қатысу белсенділігі
- Практикалық орындау

- Қорытынды орындау (күй немесе ансамбль)

#### Қолданылатын әдістер

- Көрсетіп үйрету
- Қайталау жаттығулары
- Топтық жұмыс
- Тыңдау және талдау

## Домбыра үйірмесінің 2025-2026 оқу жылындағы жылдық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Сағаты	Мазмұны	Мерзімі	Оқыту формасы
1	Кіріспе. Домбыра – ұлттық аспап	1	Үйірмемен танысу, домбыра тарихы	03.02.2026	Әңгімелеу
2	Қауіпсіздік ережелері	1	Домбыраны дұрыс ұстау, сақтау	05.02.2026	Түсіндіру
3	Домбыраның құрылысы	1	Бөліктерімен танысу	10.02.2026	Көрнекілік
4	Оң және сол қол қойылымы	1	Қолдың дұрыс орналасуы	12.02.2026	Практика
5	Ашық ішектерде дыбыс алу	1	Дыбыс тазалығы	17.02.2026	Практика
6	Пернелермен танысу (1–5)	1	Пернені басу жаттығулары	19.02.2026	Жаттығу
7	Ритмдік жаттығулар	1	Қарапайым өлшемдер	24.02.2026	Практика
8	Ілме қағыс	1	Қағысты меңгеру	26.02.2026	Практика
9	Төмен қағыс	1	Қағысты меңгеру	3.03.2026	Практика
10	Жоғары қағыс	1	Қағысты меңгеру	5.03.2026	Практика
11	Қағыстарды біріктіру	1	Қағыс комбинациялары	10.03.2026	Практика
12	Жеңіл әуендер орындау	1	Халық әуендері	12.03.2026	Орындау
13	Саусақ икемділігін дамыту	1	Дамытушы жаттығулар	17.03.2026	Жаттығу
14	Қайталау сабағы	1	Өткен материалды бекіту	19.03.2026	Қайталау
15	Күй жанры туралы түсінік	1	Күйдің ерекшелігі	31.03.2026	Әңгіме
16	Күй құрылымын талдау	1	Күй бөлімдері	2.04.2026	Талдау
17	«Балбырауын» күйі (I бөлім)	1	Үйрену	7.04.2026	Практика
18	«Балбырауын» күйі (II бөлім)	1	Толық орындау	9.04.2026	Практика
19	«Кеңес» күйінен үзінді (I)	1	Күйді меңгеру	14.04.2026	Практика
20	«Кеңес» күйінен үзінді (II)	1	Орындау	16.04.2026	Практика
21	Позиция ауыстыру	1	Саусақ алмастыру	21.04.2026	Жаттығу
22	Ансамбльмен орындау	1	Бірге ойнау	23.04.2026	Топтық
23	Қайталау және бекіту	1	Күйлерді бекіту	28.04.2026	Қайталау
24	Темп және динамика	1	Орындаушылық шеберлік	30.04.2026	Практика

25	Дыбыс тазалығы	1	Қателермен жұмыс	5.05.2026	Жеке
26	Сахна мәдениеті	1	Сахнада өзін ұстау	7.05.2026	Түсіндіру
27	Жеке орындау	2	Әр оқушының орындауы	12.05-14.05.2026	Жеке
28	Топтық орындау	1	Ансамбль	19.05.2026	Топтық
29	Қорытынды, есеп беру сабағы	1	Ашық сабақ	21.05.2026	Концерт